

**"Есеп жүргізудің және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 374 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 14 мамырдағы № 306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 19 мамырда № 38744 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Есеп жүргізудің және мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсынудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 374 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20380 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдардың есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі осы бұйрыққа 1 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есеп нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген кедендік операциялар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бажсыз сауда дүкендеріне түскен тауарлар мен оларды өткізу туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген шетелдік тауарларды, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге қарағанда, оларға қатысты кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды

пайдалану бойынша есеп нысаны осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген кедендік транзит кедендік рәсімімен тауарларды тасымалдау үшін жарамды көлік құралдары туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*М. Такиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2026 жылғы 14 мамырдағы  
№ 306 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 10 сәуірдегі  
№ 374 бұйрығына 1-қосымша

**Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну

тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 2-тармағына, 167-бабы 5) тармақшасына, 431-бабы 1 және 2-тармағына, 494-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 500-бабы 3) тармақшасына, 507-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 514-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 521-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 528-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 541-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және кедендік бақылаудағы тауарларды және (немесе) көлік құралдарын және олармен жасалатын кедендік операцияларды есепке алуды жүргізу тәртібін, еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларға, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) тауарларына иелік ететін және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғалар, кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар мемлекеттік кірістер органдарына, оның ішінде мемлекеттік кірістер органдарының талабы бойынша сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік ұсыну мерзімін, сондай-ақ есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Есептілікті ұсыну тәсілі, электронды құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, сондай-ақ оларды толтыру тәртібі**

2. Кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, уәкілетті экономикалық операторлар, шетелдік тауарларды, сондай-ақ еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған ЕАЭО тауарларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын тұлғалар есептілікті мемлекеттік кірістер органдарына осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Excel форматындағы электрондық құжат түрінде ұсынады.

3. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тұлғалар ресімдейтін тауарлар мен көлік құралдары Excel форматындағы электронды құжат түрінде, сондай-ақ осы Қағидалардың 3, 5 және 6-тарауында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, есепке алынуға жатады.

4. Электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы осы бұйрықта көзделген есеп нысандарының негізінде айқындалады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тұлғалардың есептері мемлекеттік кірістер органына келу тәртібімен немесе жіберу және алу фактісін растайтын өзге де тәсілдермен, оның ішінде алынбалы ақпарат тасымалдағышын қоса тіркей отырып кеңсе арқылы және (немесе) мемлекеттік кірістер органының электрондық поштасы арқылы ұсынылады.

6. Есептер осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес есеп нысандарына қосымшада көзделген нысандарды толтыру жөніндегі түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

7. Цифрлық технологиялар болған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу, есептілікті қалыптастыру және ұсыну мемлекеттік кірістер органдарының цифрлық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органына Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынбауы не дұрыс емес есептілікті ұсынуы, сол сияқты мұндай тауарларды есепке алуды жүргізу тәртібін сақтамау – Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 539-бабында көрсетілген жауапкершілікке әкеледі.

**3-тарау. Өз тауарларын сақтау қоймалары, уақытша сақтау қоймалары, кеден қоймалары иелерінің және уәкілетті экономикалық операторлардың сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін ұсыну тәртібі мен мерзімдері, тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі**

9. Өз тауарларын сақтау қоймаларының, уақытша сақтау қоймаларының, кеден қоймаларының иелері және уәкілетті экономикалық операторлар тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, қызмет аймағында уақытша сақтау қоймасы тұрған мемлекеттік кірістер органына сақтауда тұрған тауарлардың және (немесе) көлік құралдарының есебін осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 2-нысан бойынша есеп) ұсынады.

10. 2-нысан бойынша есеп осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабының (бұдан әрі – Есепке алу кітабы) деректері негізінде қалыптастырылады.

11. Есепке алу кітабы қағаз және (немесе) электрондық түрде Excel форматында жүргізіледі.

12. Қағаз жеткізгіште жүргізілген Есепке алу кітабының нөмірленуі әр жылдың бірінші қаңтардан бастап бірден басталады.

Есепке алу кітабы тігіледі, нөмірленеді, мөр қойылады және өз тауарларын сақтау қоймасы, уақытша сақтау қоймасы, кеден қоймасының иесінің, уәкілетті экономикалық оператордың не оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі.

Есепке алу кітабында сызып тастау, түзету жолымен өзгертуге жол берілмейді.

Есепке алу кітабындағы барлық толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік кірістер органының келісімі бойынша және есептің "ескертпе" бағанында көрсетіледі.

Есепке алу кітабына сызып тастау арқылы түзетуге жол берілмейді.

13. Есепті кезең аяқталған кезде тауарлардың қалдықтары болған жағдайда мұндай қалдықтар келесі есепті кезеңге ауыстырылады.

14. Есепке алу кітабы және 2-нысан бойынша есеп Кодекстің 405-бабының 3-тармағында белгіленген мерзім ішінде өз тауарларын сақтау қоймасының, уақытша сақтау қоймасының, кеден қоймасының иесінде, уәкілетті экономикалық операторда сақталады.

#### **4-тарау. Кеден өкілінің кедендік операциялар туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі**

15. Кеден өкілі тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей кедендік операцияны жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік операциялар туралы есепті (бұдан әрі – 3-нысан бойынша есеп) ұсынады.

16. 3-нысан бойынша есеп кеден өкілінде Кодекстің 405-бабының 3-тармағында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

#### **5-тарау. Бажсыз сауда дүкендеріне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есепті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері, тауарлардың есебін жүргізу тәртібі**

17. Бажсыз сауда дүкендерінің иелері ай сайын, есептіден кейінгі айдың жиырмамыншы күнінен кешіктірмей, қызмет аймағында мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлар және оларды өткізу туралы есепті (бұдан әрі – 4-нысан бойынша есеп) ұсынады.

4-нысан бойынша есеп осы Қағидаларға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарларды есепке алу және бажсыз сауда дүкенінде өткізілген тауарларды есепке алу журналына (бұдан әрі – БСД есепке алу журналы) енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады. Есепке алу журналы қағаз және (немесе) Excel форматында электронды түрде жүргізіледі.

18. Қағаз жеткізгіште жүргізілген БСД есепке алу журналының нөмірленуі әр жылдың бірінші қаңтардан бастап бірден басталады.

БСД есепке алу журналы тігіледі, нөмірленеді, мөр қойылады және бажсыз сауда дүкені иесінің немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен бекітіледі.

Қағаз жеткізгіште жүргізілетін БСД есепке алу журналында сызу, түзету арқылы түзетуге жол берілмейді.

БСД есепке алу журналына енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік кірістер органдарымен келісу арқылы енгізіледі және есептің "ескертпе" бағанында көрсетіледі.

БСД есепке алу журналында сызу арқылы түзетулер енгізуге жол берілмейді.

19. БСД есепке алу журналы және 4-нысан бойынша есеп бажсыз сауда дүкенінің иесінде Кодекстің 405-бабының 3-тармағында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

**6-тарау. Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі, тауарлардың есебін жүргізу тәртібі**

20. Еркін қойма иелері тоқсан сайын, есепті салық кезеңінен кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмей қызмет аймағында еркін қойма орналасқан мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлармен, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлармен жүргізілген операциялар туралы есепті (бұдан әрі – 5-нысан бойынша есеп) ұсынады.

21. 5-нысан бойынша есеп осы Қағидаларға 5, 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, сондай-ақ осындай тауарлармен жүргізілген операцияларды есепке алу журналына (бұдан әрі – ЕҚ есепке алу журналы) енгізілген деректер негізінде қалыптастырылады. ЕҚ есепке алу журналы қағаз және (немесе) Excel форматында электрондық түрде жүргізіледі.

22. Қағаз жеткізгіште жүргізілген ЕҚ есепке алу кітабының нөмірленуі әр жылдың бірінші қаңтардан бастап бірден басталады.

Қағаз жеткізгіште жүргізілетін ЕҚ есепке алу журналы тігіледі, нөмірленеді, мөр қойылады және еркін қойма иесінің немесе оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі.

Қағаз жеткізгіште ЕҚ есепке алу журналына сызу, түзету арқылы түзетуге жол берілмейді.

ЕҚ есепке алу журналына енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік кірістер органдарымен келісу арқылы енгізіледі және есептің "ескертпе" бағанында көрсетіледі.

ЕҚ есепке алу журналында сызу арқылы түзетулер енгізуге жол берілмейді.

23. ЕҚ есепке алу журналы және 5-нысан бойынша есеп еркін қойманың иесінде Кодекстің 405-бабының 3-тармағында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

**7-тарау. Шетелдік тауарларды, оның ішінде ЕАЭО-ның Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге қарағанда, оларға қатысты кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есепті ұсыну тәртібі мен мерзімі**

24. Шетелдік тауарларға иелік ететін және (немесе) оларды пайдаланатын тұлғалар жартыжылдықта бір рет, 5 ақпаннан және 5 тамыздан кешіктірмей осындай тұлға тіркеу есебінде тұрған мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік тауарларды, оның ішінде ЕАЭО-ның Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленгенге қарағанда, оларға қатысты кедендік әкелу бажының ең төмен мөлшерлемесі қолданылатын тауарларды пайдалану бойынша есепті (бұдан әрі – 6-нысан бойынша есеп) ұсынады.

25. 6-нысан бойынша есеп шетелдік тауарларға иелік ететін және (немесе) пайдаланушы тұлғаларда Кодекстің 89 және 143-баптарына сәйкес белгіленген мерзімдерде сақталады.

**8-тарау. Сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілік мемлекеттік кірістер органына талап етуі бойынша ұсынылатын жағдайлар**

26. Осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша сақталатын, тасымалданатын, өткізілетін, қайта өңделетін және (немесе) пайдаланылатын тауарлар туралы, сондай-ақ жасалған кедендік операциялар туралы есептілікті мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларда белгіленген есептерді беру мерзімінен тыс мынадай:

1) тауарларға қатысты пайдалану және (немесе) иелік ету жөніндегі шектеулермен байланысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктерді қолданған;

2) ЕАЭО-ның және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзу белгілері анықталған жағдайларда ұсынады.

27. Мемлекеттік кірістер органы есепті алу үшін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта немесе өзге де байланыс ұйымы арқылы, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы, электрондық пошта арқылы, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының цифрландыру объектілерін пайдалану арқылы есептілікті ұсыну туралы талапты жолдайды.

**9-тарау. Кедендік транзит кедендік рәсімімен тауарларды тасымалдау үшін жарамды көлік құралдары туралы есепті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері**

28. Кедендік тасымалдаушылар тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей қызмет аймағында кедендік тасымалдаушы орналасқан мемлекеттік кірістер органына осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік транзит кедендік рәсіміне тауарларды тасымалдау үшін жарамды көлік құралдары туралы есепті (бұдан әрі – 7-нысан бойынша есеп) ұсынады.

29. 7-нысан бойынша есеп кеден тасымалдаушысында Кодекстің 405-бабы 3-тармағында белгіленген мерзімде сақталады.

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің

**Сақтауда тұрған тауарларды және (немесе) көлік құралдарын есепке алу кітабы**

№	Орналас тырылған күні мен уақыты	Уақытша сақтау орындарының тізілімге енгізуге туралы шешімнің күні және нөмірі	Кіріс							
			ТД немесе Халықаралық тауарлардың жол тасымалы кітапшасының нөмірі	Тауарды және КҚ уақытша сақтауға орналасқан адамның Т.А.Ә.	КҚ (тіркеменің) мемлекеттік тіркеу нөмірі	Тауардың атауы	Орында р саны	Тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдаушы) құжатқа сәйкес қосымша өлшем бірлігіндегі көлемі	Қоймада орналасқан орны (бокс №)	Тауарды және (немесе) КҚ қабылдаған адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

**Кестенің жолғасы:**

Шығыс			Қалдық (болған жағдайда)				Кідірілген тауарлар (болған жағдайда)	
ТД немесе ТД нөмірі	Орындар саны	Тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдаушы) құжатқа сәйкес қосымша өлшем бірлігіндегі көлемі	Қоймадан іс жүзінде берілген күн	Орындар саны	Тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдаушы) құжатқа сәйкес қосымша өлшем бірлігіндегі көлемі	Тауарларды кідірту хаттамасының нөмірі және күні	Ескертпе	
12	13	14	15	16	17	18	19	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ТД - тауарларға арналған декларация;
- 2) ТД - транзиттік декларация;



№	ТД №	Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды	Тауар саны	5 - бағандағы өлшем бірлігі	жеке тұлғаның отырғыз у билетінің және жеке тұлғаға тиесілі елдің екі сандық кодын көрсете отырып, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі/ ҚР СІМ адамды аккредитациялауды растайтын құжаттың нөмірі көрсетілді	Тұлғаның баратын межелі елі/ дипломатиялық өкілдіктің атауы	Чек №	Чектің күні	Бажсыз сауда дүкені кедендік рәсімін аяқтаған ТД нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ТД - тауарларға арналған декларация;
- 2) ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;
- 3) ҚР СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібіне

**Керек-жарақтар ретінде өткізілген бажсыз сауда кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды есепке алу журналы**

№	ТД №	Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауар коды	Тауардың саны	5-бағанда көрсетілген тауарлардың өлшем бірлігі	Бажсыз сауда кедендік рәсімін аяқтаған ТД нөмірі	Өткізілген тауардың саны	Бажсыз сауда кедендік рәсімінде берілген тауардың қайтарылуы растайтын құжаттың № және күні/ ТД №	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ДТ - тауарларға арналған декларация;
- 2) ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібіне  
5-қосымша  
нысан

**Еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды, сондай-ақ осындай тауарлармен жүргізілген операцияларды есепке алу журналы**

№	ТД №	Тауар мәртебесі (ЕАЭО немесе шетел тауары)	Тауардың атауы	Орындар саны	Салмағы, нетто (кг)	Кедендік құны (теңгемен)	Тауарлармен жүргізілген операциялар түрі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ДТ - тауарларға арналған декларация;

## 2) ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ.

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібіне  
6-қосымша  
нысан

### Еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алу журналы

№	ЕҚ рәсімі аяқталған кездегі ТД №	Тауардың атауы (қайта өңдеу өнімі)	Орындар саны	Салмағы, нетто (кг)	Кедендік құны (теңгемен)	Іс жүзінде әкету күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ТД - тауарларға арналған декларация;
- 2) ЕҚ - еркін қойма.

Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну қағидалары мен мерзімдері, тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының есебін жүргізу тәртібі, есептілікті ұсыну тәсілі, электрондық құжат түрінде ұсынылатын есептердің құрылымы мен форматы, оларды толтыру тәртібіне  
7-қосымша  
нысан

### Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну туралы талап

20\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 38-бабына сәйкес \_\_\_\_\_

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізді \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) жеке сәйкестендіру нөмірі немесе



Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және (немесе) электронды түрде

Атауы: өз тауарларын сақтау қоймасының, уақытша сақтау қоймасының, кеден қоймасының иесі және уәкілетті экономикалық оператор:

Заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Іс жүзіндегі нақты мекенжайы: \_\_\_\_\_

Уақытша сақтау орындарының нақты орналасқан жері: \_\_\_\_\_

№	УСО, УЭО тізілімге енгізу туралы шешімнің нөмірі мен күні	Орналастырылу күні мен уақыты	Кіріс						
			ТД немесе Халықаралық жол тасымалының кітапшасының нөмірі	Уақытша сақтауға тауарларды және көлік құралдарының орналастырылған тұлға	Көлік құралының (Тіркеме) мемлекеттік тіркеу нөмірі	Тауардың атауы	Орын саны	Көліктік (тасымалдау) құжаттары бойынша тауарлардың брутто (кг) салмағы, қосымша өлшем бірліктерде көлемі	Қоймада орналастырылған орны (№ бокстің және т.б. нөмірі)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жолғасы:

Шығыс				Қалдық (бар болса)		Кідірілген тауарлар	Ескертпе
Тауарға арналған декларация, ТД немесе ТШӨ нөмірі	Орын саны	Көліктік (тасымалдау) құжаттары бойынша тауарлардың брутто (кг) салмағы, қосымша өлшем бірліктерде көлемі	Қоймадан іс жүзінде берілген күні	Орын саны	Көліктік (тасымалдау) құжаттары бойынша тауарлардың брутто (кг) салмағы, қосымша өлшем бірліктерде көлемі	Кідірілген тауарлардың хаттама нөмірі және күні (болған кезде)	
11	12	13	14	15	16	17	18

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- 1) ТТСМВХ-1 – уақытша сақтау орындарындағы тауарлар және (немесе) көлік құралдар туралы есеп;
- 2) УСО – уақытша сақтау орын;
- 3) УЭО – уәкілетті экономикалық оператор;
- 4) ДаТ – тауарларға арналған декларация;

5) ТД – транзиттік декларация;

6) ТШӨ – тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініш.

Атауы _____	Мекенжайы _____
-------------	-----------------

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

қолы, телефоны)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

(тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

қолы)

Мөр орны \_\_\_\_\_

Есептілікті жасау күні \_\_\_\_\_

"Сақтауда тұрған тауарлар және  
(немесе) көлік құралдары  
туралы есеп" әкімшілік  
деректерді өтеусіз негізде  
жинауға арналған нысанына  
қосымша

**"Сақтауда тұрған тауарлар және (немесе) көлік құралдары туралы есеп" (ТТСМВХ-1, тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме**

"Сақтауда тұрған тауарлар және (немесе) көлік құралдары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан мынадай түрде толтырылады:

1) "Кіріс" бөлімі:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда УСО, УЭО тізілімге енгізу туралы шешімнің нөмірі мен күні көрсетіледі;

3-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралын сақтауға орналастырған күн;

4-бағанда транзиттік декларацияның немесе тауарлардың Халықаралық жол тасымалы кітабының көмірі көрсетіледі;

5-бағанда тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі;

6-бағанда көлік құралының, оның ішінде тіркеменің мемлекеттік тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда тауарлар мен (немесе) көлік құралдарының толық атауы көрсетіледі;

8-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың мөлшері көрсетіледі;

9-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

10-бағанда сақтауға орналастырылған тауардың (бокстің, қойманың, бөліктің, қатардың және өзгенің нөмірі) орны көрсетіледі;

2) "Шығыс" бөлімі:

11-бағанда сақталатын тауарларды декларациялау кезінде ресімделген тауарға арналған декларация, ТД немесе ТШӨ нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлардың орын саны көрсетіледі ;

13-бағанда тауарлардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

14-бағанда қоймадан тауарларды және (немесе) көлік құралдарын әкету күні мен уақыты көрсетіледі;

3) "Қалдық" бөлімі:

15-бағанда кедендік рәсіммен орналастырылмаған тауардың орын және есепті кезең ауысқан кезде сақтауда қалған тауарлардың мөлшері көрсетіледі;

16-бағанда тауардың брутто (килограмм) салмағы, көліктік (тасымалдау) құжаттар бойынша қосымша өлшем бірліктер көлемі көрсетіледі;

4) "Кідірілген тауарлар" бөлімі (болған кезде):

17-бағанда уақытша сақтау қоймасына орналастырылған тауарларды кідірту хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) "Ескертпе" бөлімі

18-бағанда қосымша мәліметтер, сондай-ақ шығару ТШӨ бойынша жүргізілген тауарлар бойынша тауарға арналған декларация нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2026 жылғы 14 мамырдағы  
№ 306 бұйрығына 3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Бірінші  
орынбасары – Қазақстан  
Республикасы Қаржы  
министрінің  
2020 жылғы 10 сәуірдегі  
№ 374 бұйрығына 3-қосымша  
әкімшілік деректер жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: кедендік тазартуды жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органына  
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста  
орналастырылған: [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz)

Әкімшілік нысанның атауы: Кедендік операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ТОТП-1

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: кеден өкілі

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей

БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және (немесе) электронды түрде

Кеден өкілінің атауы: \_\_\_\_\_

Заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Нақты мекенжайы: \_\_\_\_\_

№	Кеден өкілі туралы мәліметтер		
	Кеден өкілін тізілімге енгізу туралы шешімнің күні мен нөмірі	Заңды тұлғаның басшысы болып тағайындалған туралы растайтын құжаттың күні және нөмірі	Заңды тұлғаның басшысы лауазымынан босату туралы растайтын құжаттың күні және нөмірі
1	2	3	4

### кестенің жалғасы

Ұйымның штатында тұрған кедендік операцияларды жүзеге асыратын жұмыскерлер туралы мәліметтер					
Тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)	ЖСН	Лауазымы	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың күні және нөмірі	Жұмыстан шығару туралы бұйрықтың күні және нөмірі	Ескертпе
5	6	7	8	9	10

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

1) ТОТП-1 – кедендік операциялар туралы есеп;

2) ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі.

Атауы _____	Мекенжайы _____
-------------	-----------------

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы, телефоны)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., қолы)

Мөрдiң орны \_\_\_\_\_

Есептiлiктi жасау күнi \_\_\_\_\_

"Кедендiк операциялар туралы"  
есепкiмшiлiк деректердi өтеусiз  
негiзде жинауға арналған  
нысанына қосымша

**"Кедендiк операциялар туралы" (ТОТП-1, тоқсан сайын) әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзде жинауға арналған нысанын толтыру жөнiндегi түсiндiрме**

"Кедендiк операциялар туралы" әкiмшiлiк деректердi өтеусiз негiзде жинауға арналған нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттiк нөмiр көрсетiледi;

2-бағанда кеден өкiлiн тiзiлiмге енгiзу туралы шешiмнiң күнi мен нөмiрi көрсетiледi ;

3-бағанда заңды тұлғаның басшысы болып тағайындалған туралы растайтын құжаттың күнi және нөмiрi көрсетiледi;

4-бағанда заңды тұлғаның басшысы лауазымынан босату туралы растайтын құжаттың күнi және нөмiрi көрсетiледi;

5-бағанда кеден өкiлiнiң штатында тұрған кедендiк операцияларды жүзеге асыратын жұмыскердiң Т.А.Ә. көрсетiледi;

6-бағанда жеке сәйкестендiру нөмiрi көрсетiледi;

7-бағанда кеден өкiлiнiң штатында тұрған кедендiк операцияларды жүзеге асыратын жұмыскердiң лауазымы көрсетiледi;

